


‘ЕШКІМ ҰМЫТ ҚАЛМАЙТЫН ӘЛЕМДІ АРМАНДАЙМЫН’

ХАТТАР
МАРАФОНЫ

AMNESTY
INTERNATIONAL



Кюең Сок Пак,
Оңтүстік Корея

Адам құқықтары
бойынша білім
беру сабағы



ХАТТАР МАРАФОНЫ

ТАҒДЫРЛАРҒА ӘСЕР ЕТЕТІН СӨЗ КҮШІ

Кішігірім топтың біреуді қолдап, бірігіп әрекет етуі таңғажайып нәтижеге әкелуі мүмкін.

20 жыл бұрын Польшаның кішігірім белсенділер тобы 24 сағаттық хат жазу марафонын бастаған еді. Уақыт өте келе бастама дүние жүзіне кең таралды. Бүгінде Хаттар марафоны адам құқықтары бағытындағы ең ірі жаһандық шаралардың бірі.

2001 жылы 2 326 хаттан бастау алып, 2023 жылы 6 миллионға жуық хат, твит, петицияларды қолдау мен басқа да әрекеттерге ұласқан шара аясында әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдар сөз қуатын пайдалана отырып, географияның ынтымақтастыққа кедергі еместігін дәлелдеді. 2023 жылдың өзінде адам құқықтары бойынша білім беру шараларына 1,4 миллионнан астам адам қатысқан. Бірігіп жасаған әрекеттеріміз арқылы, осы аралықта біз 100-ден астам адамның өмірін өзгерттік: белсенділерге қамаудан босауға, құқықтары бұзылған адамдарға әділдік орнатуға және өзгеріс талап еткендерді қорғауға көмектестік.

Биылғы марафонға да әлемнің түкпір-түкпірінен адамдар қатысуда. Олар – өздерінің болмысы немесе өз құқықтарын жүзеге асырғаны үшін ғана адам құқықтарының бұзылушылығына тап болғандар. Бірігіп, біз оларға әділдікке қол жеткізуге көмектесе аламыз. Хаттар марафоны арқылы әрбір қатысушы әлемнің әр бұрышындағы мыңдаған адамдардан жекелеген қолдау хаттарын алады. Жағдайларының көпшілік назарына іліккенін түсіну қатысушылар мен олардың жақындарына өздерінің ұмыт қалмағандарын сезінуге көмектеседі. Әділетсіздікті тоқтатуды талап етіп, билік өкілдеріне тікелей хат жазу арқылы біз әділ әрі тең әлем құруға ықпал ете аламыз.

Өткен жылдары марафонға қатысқан жеке тұлғалар мен топтар бұл шаралардың өмірлеріне біршама өзгеріс әкелгенін әрі қаншама адамның оларға бейжай қарамайтынын білудің өзі бірталай күш беретінін айтады.

Көп жағдайда қатысушылар мен ұқсас жағдайдағы басқа жандарға деген көзқараста біршама өзгеріс байқалады. Айыптар алынып, адамдар қамаудан босатылуы мүмкін. Оларға адамгершілікпен қарай бастап, әділетсіздікке қарсы заңдар мен ережелер де қабылданып жатады.

“Шынымды айтсам, бұл марафон мені аман алып қалды. Олар мені өлтіре алмады, себебі жанымда сіздер бар едіңіздер.”

Жани Силва, қоршаған ортаны қорғаушы, 2021

БАСТАМАС БҰРЫН

Бұл адам құқықтары бойынша бұл білім беру шарасы мектеп сыныбы, қауымдас топ, отбасы немесе белсенді топ сынды әртүрлі онлайн немесе офлайн ортада өткізілуі мүмкін. Фасилитатор ретінде сіз шараны өзіңіз жұмыс істеп жатқан топтың контексіне және ерекшеліктеріне қарай бейімдей аласыз. Мысалы сіз топтың талқыланатын мәселе бойынша алдын-ала білім деңгейін, топ көлемін, қатысушылардың барынша белсенділігін қамтамасыз ету үшін ұйымдастыру жолын, шара өтетін физикалық орны я оны онлайн немесе офлайн өткізу жолын, болмаса кез келген басқа да шектеулерді ескергіңіз келуі мүмкін. Егер қатысушылар жеке тұлға я топқа қолдау көрсету әрекетін жасағысы келсе, мұның қаншалықты қауіпсіз екенін талқылағаныңыз жөн.

Барлық іс-шаралар **қатысу арқылы оқу әдістемесіне** негізделген. Бұнда оқушыларға тек ақпарат ұсынылып қана қоймайды; олар жеке тұлғалардың оқиғаларына қатысты мәселелерді зерттеп, талқылап, талдап және сұрақтар қояды. Бұл әдіс негізінде қатысушылар:

маңызды дағдыларын **ДАМЫТАДЫ**

жеке пікір **ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ**, сұрақ қояды және ұсынылған мәселелерді тереңірек түсіне алады

оқу үдерісін **БАСҚАРАДЫ** және өз мүдделері, қабілеті мен көзқарастарына қарай талқыны бейімдей алады

эмоциялық түрде толыққанды қатысу және өз көзқарастарын дамыту **МҮМКІНДІГІНЕ ИЕ БОЛАДЫ**.



Хаттар марафоны 2023 аясында Чехияда достарымен бірге хат жазып отырған сәті

© Валерие Мирич

Біз күресіп жатқан адамдар жайлы мәлімет алыңыз: amnesty.org/writeforrights

Өз еліңіздері Amnesty ұжымымен байланысыңыз: amnesty.org/countries

@Amnesty-ге қолдауыңызды #W4R24 хэштегімен білдіріп, твит жазыңыз.

Егер қатысу арқылы оқу әдістемесімен таныс болмасаңыз, бастамас бұрын Amnesty International-дың **Фасилитация бойынша нұсқаулығын** қарап шығыңыз: amnesty.org/en/documents/ACT35/020/2011/en/

Amnesty International адам құқықтары бойынша онлайн курстар ұсынады. Оның ішінде Хаттар марафонын таныстыратын құқық қорғаушылар жайлы қысқа курс та бар: academy.amnesty.org/learn



СӨЗІҢІЗДЕ ҚУАТ БАР

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫ АҚТАЛЫП ШЫҚТЫ

Рита Қарасартова – құқық қорғаушы және азаматтық басқару саласында сарапшы. Ол он жылдан астам уақытын жемқор және сенімсіз құқықтық жүйеден зардап шеккен тұлғаларға тәуелсіз заңгерлік көмек көрсетуге арнаған. Рита басқа да 26 белсенді қатарында таза су резервуарын Өзбекстан бақылауына беру туралы жаңа шекара келісіміне қарсы шыққаны үшін қамалды. Ол өзіне тағылған “үкіметті күшпен құлатуға әрекет жасау” айыбы негізінде 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін еді. Рита мен кемінде 21 басқа да айыпталушы 2024 жылдың 14 маусымында ақталып шықты.

“Өзімнің зор, зор алғысымды білдіргім келеді... Сіздердің дер кезінде жасаған әрекеттеріңіз – хаттар, петициялар, қолдар, сотқа, прокуратураға жіберген көптеген хаттарыңыз – бәрі өте үлкен күшке ие болды. Шынымен, бұл біз үшін үлкен қолдау болды... Әрине, ақталуды мүлде күтпедік. Әлі толық қабылдай алар емеспін. Біз сан түрлі сценарий, әртүрлі нәтиже болжардық, алайда бәріміздің толық ақталып шығуымыз жайлы ойламаппыз да!... Алғысымыз шексіз.”

Рита Қарасартова
Қырғызстаннан



© Жеке

“Жаным жай тапқандай сезімдемін. Хаттар марафоны үшін алғыс айтамын. Мәңгі қарыздармын. Арқамнан ауыр жүк түскендей болды. Хаттар мен ашық хаттарды оқып, өзімді сүйікті әрі бағалы екенімді сезіндім.”

Сесиллия Чимбири Зимбабведен

ОППОЗИЦИЯ БЕЛСЕНДІСІЛЕРІ БОСАТЫЛДЫ

Оппозиция белсенділері Сесиллия Чимбири, Джоанна Магомбе және Нетсай Марова наразылық акциясына қатысқаннан кейін ұрланып, азаптауға ұшырап, кейін түрмеге қамалған. Оларға “жалған ақпарат тарату” және “әділдікке кедергі келтіру” айыптары тағылды. Нетсай Зимбабведен қашуға мәжбүр болды. 2022 жылы Хаттар марафонына қатысқаннан кейін Жоғарғы сот Сесиллия мен Джоаннаны ақтап үкім шығарды.



© Amnesty International / Toro



Нидерландыдағы (сол жақ шетте) және Тогодағы (сол жақта) Amnesty International қолдаушылары 2023 жылғы Хаттар марафоны іс-шараларында.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖАЙЛЫ

Адам құқықтары – бұл әрбір адамға тиесілі негізгі бостандықтар мен қорғаныс құралдары. Олар ешкімнің жасы, ұлты, жынысы, нәсілі, сенімі мен жеке көзқарасына қарамастан, қадір-қасиет, теңдік және өзара құрмет қағидаттарына негізделген.

Сіздің құқықтарыңыз өзіңізге де, өзгелерге де әділ қарау және өз өміріңізге қатысты шешім қабылдай алуыңыз жайлы. Бұл негізгі адам құқықтары жалпыға ортақ – яғни бәрімізге, әлемдегі әрбір адамға тиесілі. Әр олар ажырамас – оларды бізден ешкім тартып ала алмайды. Сонымен қатар олар бөлінбес әрі өзара тәуелді, яғни әрқайсысы бірдей маңызды және бір-бірімен тығыз байланыста.

Екінші дүниежүзілік соғыс қасіреттерінен кейін, Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларация ретінде бастау алған халықаралық адам құқықтары құралдары әлем тұрғындарының өмірін жақсартуға бағытталған ұлттық, аймақтық және халықаралық заңнамаларға берік негіз құрды. Адам құқықтарын үкіметтерге арналған заң ретінде қарастыруға болады. Олар үкіметтер мен мемлекеттік қызметкерлерді өз юрисдикциясындағы және шетелдегі адамдардың құқықтарын құрметтеу, қорғау және қамтамасыз етуге міндеттейді.

Адам құқықтары қолайлы жағдайда ғана орындалатын сән-салтанат емес.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (АҚЖОД)

АҚЖОД Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жаңа құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан дайындалды. 1948 жылдың 10 желтоқсан күні қабылданған бұл құжат халықаралық адам құқықтары жүйесінің негізін құрды. Әлемнің әрбір мемлекеті осы құжаттың 30 бабында көрсетілген жалпыға ортақ қағидаттарды орындаймыз деп келісті.

АҚЖОД – аты айтып тұрғандай, декларация. Яғни әлемдегі әрбір үкіметтің жеке адамдарға көзқарасында белгілі бір стандарттарды ұстану ниетін білдіретін декларация. Адам құқықтары халықаралық құқық бөлігіне айналды: Декларация қабылданғалы оның қағидаттарына негізделген бірқатар міндеттеуші заңдар мен келісімдер пайда болды. Олар Amnesty International сынды ұйымдарға Хаттар марафонын қатысушылары бастан кешкен жағдайларға ұқсас әрекеттердің реттелуін үкіметтерден талап етуге негіз береді.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

	Азаматтық құқықтар мен бостандықтар Өмір сүру құқығы, азаптау мен құлдықтан еркін болу құқығы, кемсітілмеу құқығы.	1-бап Қадір-қасиет пен құқықтың еркіндігі және теңдігі 2-бап Кемсітуден еркін болу 3-бап Өмір сүру, бостандық пен жеке қауіпсіздік құқығы 4-бап Құлдықтан еркін болу 5-бап Азаптаудан еркін болу
	Заңи құқықтар Кінәсіздік презумпциясына ие болу құқығы, әділ сот құқығы, негізсіз қамалмау не ұсталмау құқығы.	6-бап Бәрі заңмен қорғалады 7-бап Заң алдында бәрі тең 8-бап Құқықтар бұзылғанда қорғауға алыну 9-бап Заңсыз қамау, ұстау не елден кетіруге тыйым салу 10-бап Әділ сол құқығы 11-бап Кінәсіздік презумпциясы 14-бап Басқа елден пана және қорған іздеу құқығы
	Әлеуметтік құқықтар Оқу, отбасы құру және отбасылық өмір сүру, демалу, медициналық қызмет алу құқығы.	12-бап Жеке өмір, үй және отбасы өміріне сұғылмаушылық құқығы 13-бап Мемлекетік шекаралар аясында еркін өмір сүру және қозғалу құқығы 16-бап Некеге тұру және отбасы құру құқығы 24-бап Демалыс құқығы 26-бап Білім алу, оның ішінде ақысыз бастауыш білім алу құқығы
	Экономикалық құқықтар Мүлікке иелік ету, еңбек ету, баспана, тиімді өмір деңгейіне ие болу құқығы.	15-бап Азаматтыққа ие болу құқығы 17-бап Меншік пен мүлікке иелік ету құқығы 22-бап Әлеуметтік қамтамасыздық құқығы 23-бап Еңбек, әділ еңбекақы және кәсіподаққа мүше болу құқығы 25-бап Денсаулық пен әл-ауқат үшін лайықты өмір сүру деңгейі құқығы
	Саяси құқықтар Ел билігіне араласу құқығы, сайлауға қатысу құқығы, бейбіт түрде жиналу құқығы, пікір білдіру, сенім және дін бостандығы	18-бап Сенім (оның ішінде діни сенім) бостандығы 19-бап Пікір білдіру және ақпарат тарату құқығы 20-бап Бірлесу және бейбіт жиналыс бостандығы 21-бап Өз елінің билігіне араласу құқығы
	Мәдени және ынтымақтастық құқықтары Қауымдастықтың мәдени өміріне қатысу құқығы	27-бап Қоғамның мәдени өміріне қатысу 28-бап Барлық құқықтар толығымен жүзеге асырылатын дүние жүзілік тәртіпке ие болу құқығы 29-бап Басқалардың құқықтарын сақтау және қадірлеу міндеті 30-бап Бұл құқықтарды ешкім ешкімнен тартып ала алмайды!



САБАҚ

МҮГЕДЕКТИГІ БАР АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

- Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары
- Кемсітушілік
- Бейбіт наразылық
- Пікір білдіру еркіндігі және бейбіт жиын құқықтары

БҮЛ САБАҚ ЖАЙЛЫ

Қатысушылар мүгедектігі бар адамдар тап болатын қиындықтар, олардың құқықтарын қорғаудың маңызы және белсенділік жайлы Кюең Сок Пактың оқиғасы арқылы үйренеді. Бұл іс-шарада бейбіт наразылық білдірушілерге қатысты полицияның заңсыз әрекеттері де талқыланып, артық күш қолданудың белсенділердің құқықтарын бұзып, әлеуметтік әділеттілік қозғалысының дамуына кедергі келтіретіні көрсетіледі әрі бұл тақырыпқа тереңірек үңілуге мүмкіндік беріледі.

ЖАС: 14+

ҚАЖЕТ УАҚЫТ

60 МИНУТ – “Әрекетке көшіңіз” бөлімі үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін.

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қатысушылар:

- мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын және олардың маңызын түсінеді.
- мүгедектігі бар адамдарға қатысты кемсітушілік пен құқық бұзушылық түрлерін **анықтайды**.
- полицияның бейбіт наразылыққа көрсететін қысымының әсерін **нақтылайды**.
- Amnesty International-дың Хаттар марафоны жайлы **біледі**
- Кюең Сок Пакты қолдап, оған ынтымақтастық таныту үшін **хат жазады**.

ДАЙЫНДЫҚ

- Әр қатысушыға/топқа арналған таратпаларды басып шығарыңыз.
- 10-беттегі ақпараттық анықтама және 11-беттегі Кюең Сок Пактың оқиғасын оқып шығыңыз.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Адам құқықтары, соның ішінде наразылық білдіру құқығы туралы толығырақ Amnesty Academy-ден біліңіз: www.amnesty.org/en/get-involved/online-courses/

МАТЕРИАЛДАР

- Таратпа: **БҮҮ МАҚК** (9-бет)
- Таратпа: **Кюең Сок Пактың оқиғасы** (11-бет)
- **Үлкен қағаз парақтары және маркерлер**
- **Қағаз, қалам және хатқалталар** (хат жазу қажет болса)
- Қосымша: www.amnesty.org/writeforrights/ сілтемесінен хат үлгілері
- Қосымша: www.amnesty.org/w4r-videos сайтынан Кюең Сок Пактың бейнелері және «Хаттар марафоны: Әрекетке көшу» бейнесі

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Бұл іс-шарада кемсітушілік, полицияның құқық бұзушылықтары және мүгедектігі бар адамдардың шеттетілуі сияқты сезімтал тақырыптар талқыланады. Мүгедектіктің көрінетін немесе көрінбейтін көптеген түрлері болуы мүмкін. Талқылау осы мәселелерді бастан кешкен қатысушыларға эмоционалдық тұрғыда қатты әсер етуі мүмкін. Фасилитаторлар қатысушыларға өз сезімдерін еркін жеткізе алатын қауіпсіз орта қамтамасыз етіп, қажет болса, қолдау көрсетуге дайын болуы тиіс.

1. МҮГЕДЕКТИГІ БАР АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ



Іс-шараны мүгедектігі бар адамдардың құқықтары және олардың маңызы жайлы қысқаша талқыдан бастаңыз. Қатысушыларды қызықтыру үшін сұрақтар қойыңыз:

- Мүгедектігі бар адамдардың қандай қиындықтарға тап болатынын білесіз бе?
- Сіздің ойыңызша, мүгедектігі бар адамдар өз адам құқықтарын басқалармен бірдей деңгейде пайдалана алады ма?
- Олардың қоғамдық көлік, мектеп сияқты ғимараттарға және қоғамдық орындарға қол жеткізу құқықтары ше?

Қатысушылардан өздерінің әдеттегі күнін еске түсіруін сұраңыз. Оларға әдетте не істейтінін жазып шығуды тапсырып, кейін өздерін мүгедектігі бар адам ретінде елестетуін сұраңыз. (Ескеріңіз, кейбір қатысушылардың көрінбейтін мүгедектігі болуы мүмкін.) Күнделікті іс-әрекеттерін орындау барысында қандай қиындықтарға тап болар еді? Қатысушыларды жұптарға бөліп, өз ойларын бөлісуді сұраңыз.

Жалпы топта қатысушылар анықтаған әртүрлі қиындықтарды талқылап, оларды флипчартқа жазып қойыңыз. Бұл қиындықтарды кейінірек үшінші қадамда пайдалануыңыз мүмкін.



Содан кейін, қатысушылардан Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенция (БҰҰ МАҚК) жайлы білетін болса, қол көтеріп көрсетулерін сұраңыз. Оның халықаралық адам құқықтары келісімдерінің бірі екенін және мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін қорғауға арналған нақты құқықтарды белгілейтінін түсіндіріңіз. 9-беттегі БҰҰ МАҚК таратпасын таратыңыз..

2. КЮЕҢ СОК ПАКТЫҢ ОҚИҒАСЫ

 15 МИНУТ

Кюең Сок Пак оқиғасының таратпаларын үйлестіріңіз (11-бет). Оқиғаны бірге оқып, оның өміріндегі маңызды сәттерді, апаттан кейін белсенділікке өтуін атап өтіңіз. Келесі сұрақтар бойынша талқы ұйымдастырыңыз:

- Кюең Соктың белсенді болуына не түрткі болды?
- Ол қандай кемсітушілікке тап болды?
- Билік өкілдері Кюең Сок пен басқа белсенділердің наразылықтарына қалай жауап берді?
- Сізді Кюең Соктың әрекеттерінде не таңқалдырды?

Amnesty International көптеген елдерде бейбіт наразылық білдірушілерге қарсы полицияның заңсыз әрекеттерін құжаттап, хабарлап жатқанын түсіндіріңіз. Былай сұрақ қойыңыз:

- Полицияның бейбіт белсенділерге қысымы мүгедектігі бар адамдардың құқықтары үшін күрес қозғалысына қалай әсер етеді?

Бірнеше қатысушының жауабын тыңдап, Кюең Соктың оқиғасы контекстінде талқылаңыз. Қатысушыларды келесі мәселелерді ой елегінен өткізуге шақырыңыз: **белсенділердің өміріне полицияның қысым көрсетуі, мұндай қысымның басқа адамдардың белсенділікке қосылуы немесе оны қолдауынан бас тартуға мәжбүрлеуі, қоғамдық ашу-ызаның үкіметті адам құқықтарын құрметтеуге итермелей алуы.**

3. МҮГЕДЕКТИК ИНКЛЮЗИЯСЫНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ КӨРІНІСІ ҚАНДАЙ?

 20 МИНУТ

Қатысушыларды шағын топтарға бөліп, әр топқа үлкен қағаз парақтарын және маркер беріңіз. Әр топқа өз қауымдастығындағы қоғамдық өмірдің белгілі бір саласына назар аударуды тапсырыңыз. Бұл мектеп, жұмысқа қосылу, тәуелсіз өмір сүру немесе қоғамдық көлік болуы мүмкін. Әр топ инклюзив қоғамды қалай көретінін және осы салада мүгедектігі бар адамдар үшін толық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін не қажет екенін ойластыруы керек.

Қатысушылар инклюзив қоғам құру үшін не қажет екенін тізіп шығуы керек. Олар өз идеяларын сурет немесе басқа да креатив форматта ұсына алады. Бірінші қадамда анықталған қиындықтарға да назар аударуға болады. Қатысушылар бұл сабақ үшін 9-беттегі БҰҰ МАҚК таратпасын қолдана алады.

Әр топ өз идеяларын ұсынып, мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін қалай шешетінін және олардың құқықтарын қалай қорғайтынын түсіндірсін.

4. ӘРЕКЕТКЕ КӨШІҢІЗ

 15 МИНУТ

Amnesty International-дың Хаттар марафоны жайлы айтып беріңіз. Amnesty International адамдарды Кюең Сок Пак үшін әділдік талап етуге шақырып жатқанын айтыңыз. Өткен жылғы марафоннан (3-бет) мысал келтіріп, хат жазу және басқа да әрекеттердің қаншалықты тиімді болғанын көрсетіңіз немесе www.amnesty.org/w4r-videos сайтынан «Хаттар марафоны арқылы адамдар үшін әрекет ету» бейнесін қараңыз.

Қатысушылардың әрекетке кірісуі үшін берілген уақыт жеткіліксіз болса, кейінірек ұйымдасуға болатынын жеткізіңіз немесе нақты әрекеттерді топтарға бөліп беріңіз. Оларды шығармашыл болуға шақырыңыз.

Қатысушыларға мына жерден табуға болатын www.amnesty.org/w4r-videos (ағылшын тілінде қолжетімді) Кюең Сок Пактың бейнесін көрсетіңіз.

ХАТ ЖАЗЫҢЫЗ

Оң жақтағы байланыс ақпаратын пайдалана отырып, қатысушыларды Сеул қаласының әкіміне хат жазуға шақырыңыз.

- Хаттың жеке адамнан екенін көрсету үшін әкімге өзіңіз туралы айтып өтіңіз.
- Кюең Сок Пактың оқиғасында сізді қандай жайт таңғалдырғанын айтыңыз.
- Үкіметтердің бейбіт жиналыс бостандығын құрметтеуі мен қорғауы қаншалықты маңызды екенін жеткізіңіз.
- Әкімді Кюең Сок Пак пен SADD белсенділеріне қатысты заңсыз күш қолдануды тоқтатып, бейбіт жиын еркіндігі құқығын қамтамасыз етуге, барлық сот ісін тоқтатуға және бұқаралық ақпарат құралдарындағы жала жабу науқанын доғаруға шақырыңыз, осылайша белсенділер мүгедектердің өмірдің барлық салаларына толық қатысуын қамтамасыз ету үшін күрестерін жалғастыра алады.

Сеул әкімі

6F, Seoul Metropolitan Government
110 Sejong-daero
Jung-gu
Сеул 04524
Корея Республикасы

Email: seoulcity@seoul.go.kr

Facebook: www.facebook.com/seoul.kr

X: [@seoulmania](https://twitter.com/seoulmania)

Instagram: [@seoul_official](https://www.instagram.com/seoul_official)

Хэштегтер:

#RidingSeoulMetroWithPark
#LeaveNoOneBehind #W4R24
#ProtectTheProtest

Instagram
Инстаграм:

Қаратпа: Құрметті Сеул әкімі

ҚОЛДАУ КӨРСЕТИҢІЗ

Кюең Сок Пакқа қолдау мен үмітке толы хабарлама жіберіңіз. Кюең Сок пен SADD белсенділеріне оларды құрметтеп, бағалайтыңызды жазыңыз.

Одан кейін, өз хатыңызды оң жақта көрсетілген мекенжайға жіберіңіз.

Кюең Сок Пак

c/o Solidarity Against Disability
Discrimination
5F, 25, Dongsung-gil
Jongno-gu
Сеул 03086
Корея Республикасы

Instagram: [@sadd420](https://www.instagram.com/sadd420)

X: [@sadd0420S](https://twitter.com/sadd0420S)

Хэштегтер:

#RidingSeoulMetroWithPark,
#LeaveNoOneBehind, #W4R24
#ProtectTheProtest





ТАРАТПА

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенциясы (МАҚК) – 2006 жылы қабылданған халықаралық маңызға ие келісімшарт. Оның мақсаты – мүгедектігі бар адамдардың өз адам құқықтарын басқалармен тең дәрежеде толық пайдалануын насихаттау, қорғау және қамтамасыз ету. Конвенция мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қолдауға деген көзқарасты көмек көрсетуден адам құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуге негізделген әдіске өзгертті.

МАҚК бірнеше маңызды адам құқықтарын қамтиды, соның ішінде:

- **Қолжетімділік:** Мүгедектігі бар адамдардың тәуелсіз өмір сүріп, өмірдің барлық саласына толық қатысуын, оның ішінде физикалық орталарға, көлікке, ақпарат пен байланысқа қолжетімділігін қамтамасыз ету.
- **Кемсітпеушілік:** Мүгедектікке байланысты кемсітусіз заң алдында теңдікті және мардымды жағдай қалыптастыруды қамтамасыз ету. Бұл денсаулық сақтау, білім, жұмыс, өмір сүру, пікір білдіру еркіндігі, некеге тұру, отбасылық өмір және балалы болу құқықтарын қамтиды.
- **Тәуелсіз өмір сүру және қоғамға толық қосылу, қатысу:** Тәуелсіз өмір сүру және өмірдің барлық саласына толық қатысу құқығын қолдау.
- **Жеке қозғалыс:** Мүгедектігі бар адамдардың барынша тәуелсіз қозғалуы үшін жағдай жасау, оның ішінде қолжетімді және қолайлы қозғалыс қамтамасыз ету.
- **Білім:** Мүгедектігі бар адамдар тұратын қауымдастықтарда инклюзив, сапалы және тегін бастауыш және орта білімге қолжетімділік.
- **Денсаулық:** Қоғамдағы басқа адамдарға да қолжетімді денсаулық сақтау қызметтерінің бірдей ауқымы, сапасы және стандарттарына қолжетімділік.
- **Жұмыспен қамту:** Басқалармен тең дәрежеде жұмысқа орналасу құқығын ілгерілету.
- **Саяси және қоғамдық өмірге араласу:** Үкіметтік емес ұйымдар құру және оларға қатысу арқылы саяси және қоғамдық істерге қатысу құқығын қамтамасыз ету.
- **Мәдени өмірге араласу:** Мүгедектігі бар адамдардың қолжетімді форматта мәдениетпен айналысу алуы. Бұған театр, музей, кинотеатр, кітапхана және туристік қызметтер сияқты орындарға қолжетімділік жатады.
- **Қанау, зорлық-зомбылық және қорлаудан бостандық:** Қанау, зорлық-зомбылық және қорлаудың барлық түрлерінен қорғау. Бұған бұндай жағдайларды анықтау, тергеу және жазалауға қатысты заңдар мен саясаттарды енгізуді талабы жатады.

Кюең Сок Пак наразылық акциясы кезінде полиция мен Сеул метрополитені қызметкерлерінің қоршауында. Оның жанында осы наразылықты қолдаған Конгрессвумен Хе Йоң Чаң бар.





АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА

МҮГЕДЕКТИК БОЙЫНША КЕМСІТУ

Әлемдегі әр он адамның біреуінің мүгедектігі бар. Мүгедектік бойынша кемсіту – адамдарды олардың адам құқықтарынан айыратын күрделі мәселе.

Мүгедектігі бар адамдар көп жағдайда білім, жұмыспен қамту және денсаулық сақтау салаларында кедергілерге тап болып, әлеуметтік стигмаға ұшырап, қоғамнан шеттетіліп жатады. Көптеген қоғамдар мүгедектігі бар адамдарды аяушылық пен үрей нысаны ретінде қарастырады. Мұндай кемсіту бар теңсіздікті күшейтіп, теріс стереотиптерді нығайтады, мүмкіндік пен қоғаммен араласу тұрғысынан шектейді.

Қолжетімділікті қамтамасыз ету, инклюзив саясатты ілгерілету және қоғамның хабардарлығын арттыру әділетсіздікпен күресуде өте маңызды.

НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ ҚҰҚЫҒЫ

Бейбіт наразылық — адам құқықтарын жүзеге асырудың динамикалық және қоғамдық тәсілі. Тарихқа қарасақ, наразылықтар жеке тұлғалар мен топтарға өз пікірлерін білдіруге, әділетсіздік пен қиянатты әшкерелеуге және биліктің жауапкершілік алуын талап етуге мүмкіндік беріп келеді.

Наразылық барысында адамдар я топтар сөз бостандығы мен бейбіт жиналыс құқығы сынды бірқатар құқықтарын бірден жүзеге асыра алады. Пікір білдіру еркіндігі болмаса, қоғамдық жиналыстар мақсатсыз көпшіліктің жиыны болып кетер еді. Ал еркін жиналу мүмкіндігі болмаса, адамдардың пікірлері жеткілікті дәрежеде қолдауға ие болмай, елеусіз қалар еді.

Бейбіт түрде наразылық көрсетуге мүмкіндік беретін басқа да маңызды құқықтар бар: бұған өмір сүру, жеке өмірге қол сұқпаушылық, бірлестік бостандығы, азаптаудан және басқа да қорлау я жаза түрлерінен бостандық, сондай-ақ негізсіз қамауға алудан бостандық жатуы мүмкін.

ҮКІМЕТ НАРАЗЫЛЫҚТЫ КҮШПЕН ТОҚТАТУҒА КӨШКЕНДЕ

Әділетсіздік, құқық бұзушылық пен кемсітушіліктерді шешіп, диалог орнатудың орнына, үкіметтер көбінесе наразылық білдірушілерді стигматизациялап, шерулерді басуға тырысады. Билік кейде ұлттық қауіпсіздік немесе қоғамдық тәртіпті сылтауратып наразылық акцияларына шектеу қояды. Алайда адам құқықтарын құрметтеу — ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіптің бір бөлігі, ал наразылық білдіру құқығы халықаралық адам құқықтары заңдарымен қорғалған.

Наразылыққа қатысты қосымша кедергілер тағы бар: нәсілі, жынысы, жыныстық бағдары, гендерлік сәйкестігі, діні, жасы, мүгедектігі, кәсібі не әлеуметтік, экономикалық, миграциялық я басқа да мәртебелеріне байланысты теңсіздік пен кемсітушілікке ұшыраған адамдар шектеулер мен кедергілерден жиі зардап шегіп, наразылықтарға тіпті қатысу алмауы мүмкін. Дегенмен әлемдегі адам құқықтарының көптеген жетістіктері осы қиындықтар мен қауіптерге қарамастан, инклюзив және тең қоғам үшін күрескен батыл адамдардың арқасында пайда болды. Сол үшін әркімнің қауіпсіз әрі кемсітусіз наразылық білдіре алуы маңызды.



КЮЕҢ СОК ПАКТЫҢ ОҚИҒАСЫ

Кюең Сок Пак 1993 жылдың тамыз айындағы дельтапланмен болған апаттан кейін аяқтарын сал ауруы шалмағанша мүгедектігі бар адамдардың өмірі жайлы еш ойланбаған. Ол 22 жастағы оқуы, гитарада ойнау мен достарымен көңіл көтеру сынды заттарды ойлап жүрген азамат болған. Кюең Сок мүгедектігі бар адам ретінде қоғамға қайта сіңісе бастағанда Оңтүстік Кореядағы мүгедектігі бар адамдардың өмірі біршама ауыр, тіпті қауіпті екенін анықтаған. Оның белсенділік жолы осылай басталған.

Мүгедектігі бар адамдардың құқығы үшін күресетін «Мүгедектігі бар адамдарды кемсітуге қарсы ынтымақтастық» (SADD) қозғалысының өкілі ретінде Кюең Сок өз қызметін қоғамдық көлікке бағыттаған. Қоғамдық көлікке қол жеткізуді шектейтін кедергілерге қарсы шараларсыз мүгедектігі бар адамдар жұмысқа не мектепке бару сияқты толыққанды өмір сүру нышандарынан аластатылған. Мысалы мыңдаған арба пайдаланушылары темір жол стансалары мен метродағы қауіпті көтергіштерді қолданамыз деп өмірінен айырылған не жарақат алған.

Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау үшін 2021 жылы Кюең Сок пен SADD белсенділері қоғамдық бюджетті ұлғайту талабымен бейбіт наразылық акцияларын бастаған. Олар қоғамдық көліктердің ең тығыз уақытында метроға арбамен кіріп-шығу арқылы наразылық білдірген. Сеул билігі бұл әрекеттерге теріс көзқарас танытып, кейде тіпті күш қолдану арқылы жауап берген. Наразылық акциялары басылып, полиция белсенділерді станциялардан күштеп шығарған. Саясаткерлер мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғаушыларды қоғамға зиян келтіретіндер деп көрсетіп, жала жапқан. Сеул қаласының әкімдігі бейбіт наразылық білдірушілерге қарсы бірнеше «блокада талаптарын» қойып, олардың белсенділігін басуға тырысқан.

Полиция мен Сеул метросының қызметкерлері бейбіт наразылық кезінде оны тұншықтырмақ болғанына әрі белсенділігі үшін бірнеше рет сотқа тартылғанына қарамастан Кюең Сок өз күресін жалғастыруда. Ол былай деп мәлімдеді: «Біз бұдан әрі күте алмаймыз. Біз ешкім артта қалмайтын әлемді талап етеміз».



© Amnesty International (Сурет: Юн Па)



© SADD

Жоғарыдан төменге: Кюең Сок Пак; Мүгедектігі бар адамдарды кемсітуге қарсы ынтымақтастық (SADD) белсенділері Додам-донгта автобусты бөгеп тұр, сәуір, 2021, Сежон қаласы, Оңтүстік Корея

AMNESTY INTERNATIONAL ЖАЙЛЫ

Amnesty International – бәріміздің адамгершілік сезімімізді оятып, адам құқықтарымызды толыққанды пайдалана алатындай өзгеріс үшін күресетін 10 миллион адамнан тұратын қозғалыс. Біз биліктегілер уәделерін орындап, халықаралық құқыққа құрметпен қарап, жауапқа тартыла алатын әлемге ұмтыламыз. Құқық бұзушылықтар қай жерде және қашан болса да, жағдайды зерттеп, ашып көрсетеміз. Біз үкімет және компаниялар сынды өзге ықпалды топтармен жұмыс істеп, олардың уәделерінде тұруын әрі халықаралық құқықты құрметтеуін қадағалаймыз. Өзіміз жұмыс істейтін адамдардың өмірлік маңызды оқиғаларын баяндау арқылы әлем бойынша миллиондаған қолдаушыларды өзгеріс үшін күресуге және алғы шептегі белсенділерді қорғауға жұмылдырамыз. Әрі біз білім беру мен трениң арқыры адамдарға өз құқықтарын қорғауға көмектесеміз.

Өлім жазасын жоюдан бастап, жыныстық және репродуктивтік құқықтарды ілгерілетуге дейін, кемсітушілікпен күресуден бастап, босқындар мен мигранттардың құқықтарын қорғауға дейін біздің жұмысымыз адамдарды қорғап, құқықтарын нығайтуға бағытталған. Біз азаптаушыларды сот алдында жауапқа тартуға, қысымға толы заңдарды өзгертуге және ойына бола түрмеге түскендерді босатуға көмектесеміз. Біз бостандығы мен қадір-қасиетіне қауіп төніп тұрған кез келген адам үшін үн қосамыз.

© Amnesty International 2024

Басқаша көрсетілмеген жағдайдың бәрінде, аталған құжаттың контенті Creative Commons (атрибуция, коммерциялық емес, туындыларға тыйым салынған, халықаралық 4.0) аясында лицензияланған. <https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/legalcode>

Қосымша ақпарат үшін біздің сайттағы рұқсаттар бөлімін қараңыз: [permissions page on our website: www.amnesty.org](https://www.amnesty.org)

Егер материал Amnesty International-дан басқа авторлық құқық иесіне тиесілі болса, ол материалға Creative Commons лицензиясы қолданылмайды.

Алғаш рет 2024 жылы жарық көрді

Amnesty International Ltd
Питр Бененсон Үйі,
Шығыс Көшесі, 1
Лондон WC1X 0DW,
Ұлыбритания.

Қыркүйек 2024

Индекс: POL 32/8286/2024 Kazakh
Түпнұсқа тіл: Ағылшын

Барлық суреттер © Егер өзгеше көрсетілмесе, Amnesty International

Мұқабадағы сурет: © Amnesty International (Сурет: Юн Па)

[amnesty.org](https://www.amnesty.org)

**ХАТТАР
МАРАФОНЫ**

AMNESTY
INTERNATIONAL

